

LEAFLET Leaflet DETRIMAX NATURAL	Dimensions (W X L) 160 x 210	Cardboard offset 60	Nr Project LL-1475-60KZ 230616V2.3
COLOURS Process Black U Process Magenta U Process YellowU Process Cyan U			Date 04.07.2024



2000 X5
1 КАПСУЛАДА



HALAL* - капсула құрамында D3 дәрумені және бұқа желатині



detrimax.kz

ДЕТРИМАКС® НЭЙЧРАЛ ҚҰРАМЫНДА Д3 ДӘРҮМЕНІ (ХОЛЕКАЛЬЦИФЕРОЛ) БАР – АДАМ АҒЗАСЫНЫҢ БАРЛЫҚ ОРГАНДАРЫ МЕН ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ДЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУҮШІН ҚАЖЕТТІ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ МАЙҒА ЕРИТІН ДӘРҮМЕН.

- ДЕТРИМАКС® НЭЙЧРАЛ капсуларын өндіру үшін бұқаның терісінен ғана өндірілген желатин қолданылады.
- ДЕТРИМАКС® НЭЙЧРАЛ препаратының бұқа желатині ислам қағидаларына сәйкес HALAL өнім болып табылады.
- ДЕТРИМАКС НЭЙЧРАЛ препаратын өндіру үшін қолданылатын D3 дәрумені де HALAL талаптарына сәйкес келеді.

D ДӘРҮМЕНІ ОРГАНДАР МЕН ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ:

СҮЙЕК-БҮЛШЫҚ ЕТ ЖҮЙЕСІ. Фосфор-кальций алмасуын реттеуге қатысады: ішекте кальцийді сіңіруге көмектеседі, қандағы кальций мен фосфордың қажетті деңгейін қолдайды, сүйек метаболизмін белсендіреді. Сүйектердің беріктігін қамтамасыз етуге және рахиттің, сүйектің жұмсаруының даму қаупін төмендетуге ықпал етеді. D дәруменінің қалыпты деңгейін ұстап тұру көз келген жаста, бірақ әсіресе құлау және сүйектердің сыну қаупі жоғары болатын егде жаста өте қажет, D дәрумені тістің қатты тінінің негізгі құрамдас бөлігі дентин өнімдерін белсендіреді отырып, тістерді нығайтады. Ағзадағы D дәруменінің жеткілікті деңгейі тісжінегізін даму қаупін төмендетеді. Бұлшықет күшін және жүйке-бұлшықет өткізгіштігін ұстап тұруға көмектеседі. D дәруменінің жетіспеушілігі бұлшықет әлсіздігімен байланысты, соның салдарынан, әсіресе егде жастағы адамдар жүрген кезде қиыншылық сезінуі мүмкін.

ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕ. Туа біткен және жүре пайда болған иммунитетке оң әсер ете отырып, сау иммундық функцияны қолдауға ықпал етеді. Тері жасушаларында, респираторлық және асқазан-ішек жолдарының эпителийінде микробқа қарсы өзіндік заттардың: вирустарды, бактериялар мен сансырауқұлақтарды жоюға қабілетін және дефензін ақуыздарының синтезін іске қосады, соның арқасында суық тию ауруының даму қаупін төмендетуге ықпал етеді. D дәрумені ағзадағы қабыну реакцияларын басуға ықпал ететін заттардың (қабынуға қарсы медиаторлардың) иммундық жасушалармен синтезін реттейді, сондай-ақ иммундық қабынудың дамуына кедергі жасай отырып, аутоиммундық реакцияларды басады.

БРОНХ-ӨКПЕ ЖҮЙЕСІ. D дәрумені өкпенің қалыпты функциясын реттеу үшін қажетті фактор болып табылады. Ол тыныс алу жолдары бұлшықеттерінің қызметін қамтамасыз етуге, иммундық жасушалардың қызметін реттеуге және сау қабыну жауына қатысады. D дәрумені өкпенің тыныс алу қызметін жақсартуға және вирустық және бактериялық инфекциялардың кең спектрін ағзаны қорғауды арттыруға ықпал етеді.

ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕ. D дәрумені эндокриндік бездердің барлығының дерлік функциясын реттеуге қатысады, ол өйіл және ер жыныстық гормондардың: эстрогендердің, прогестеронның, тестостеронның синтезін ынталандырады. Қалқанша және қалқанша жанындағы бездердің, бүйрекүсті бездерінің қабықтарының, сондай-ақ инсулин бөлетін ұйқы безінің бета-жасушаларының қалыпты қызметін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

ҰРПАҚ ЖАНҒЫRTU ҚАСИЕТІ. D дәрумені әйелдерде де, еркектерде де, соның ішінде жүктілікті жоспарланған немесе ұрықтану кезінде қиындыққа тап болатын жұптарда да ұрпақ жанғырту қасиетіне оң әсер етеді. D дәрумені жеткілікті әйелдерде аналық жасушаларды ұрықтандыру жиі жүреді. D дәрумені жетіспеушілігінің болмауы ДТҮ нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. D дәрумені пролиферативті процестерге кедергі жасай отырып, эндометрияға оң әсер ете алады, овариалды фолликулалардағы жасқартуды және аналық жасушаның жетілуіне ықпал етеді.

КӨМІРСҮ ЖӘНЕ МАЙ АЛМАСУ. D дәрумені көмірсү-май алмасуды жақсаруына ықпал етеді, глюкоза мен инсулиннің метаболизмін оң әсер етеді, ал D дәруменінің жетіспеушілігі инсулинорезистенттіліктің дамуы, глюкоза төзімділігінің бұзылуы үшін қауіп факторы болып табылады. D дәрумені ұйқы безінің бета-жасушаларының инсулин секрециясын ынталандыруы мүмкін, сондай-ақ проинсулинді белсенді инсулинге айналдыратын бета-жасушалардың кальцийге тәуелді эндопептидазасын жанам түрде белсендіреді. D дәрумені жасушаларда инсулин рецепторларының экспрессиясын ынталандыра отырып, тіндердің инсулинге сезімталдығына әсер етуі мүмкін. D дәрумені қандағы жалпы холестерин, триглицеридтер мен төмен тығыздықтағы липидтер деңгейінің төмендеуіне ықпал етуі мүмкін. Осы қасиеттерінің арқасында D дәрумені метаболизмді, бұзылстарды түзетінде маңызды рөл атқарады және дененің артық май массасын азайтуға ықпал етеді.

ЖҮРЕК-ҚАН-ТАМЫР ЖҮЙЕСІ. D дәрумені жүрек-қан-тамыр жүйесінің функциясын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады: қан тамырларының ішкі қабаты мен бұлшықет қабырғасына, сондай-ақ қан ұю процестеріне оң әсер етеді. Артериялық қан тамырларының тоңусын қалпына келтіруге септігін тигізсе отырып және артериялық қан қысымының көтерілуіне кедергі келтіре отырып, артериялық қан қысымын реттеуге қатысатын ренин-ангиотензин жүйесінің белсенділігіне оң әсер етеді.

ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ. D дәрумені когнитивті функцияларға: жадыға, зейінге, ақпаратты меңгеру қабілетіне, жұмысқа қабілеттілігіне оң әсер ете отырып, жүйке жүйесінің қызметін реттеу процестеріне қатысады. D дәрумені миды зақымданудан қорғау механизмдерінде – нейротрофикацияда маңызды рөл атқарады. Триптофанның (ағзаға тағаммен бірге түсетін амин қышқылдары) адамның психо-эмоциялық жағдайы үшін ұлған маңызы бар серотонин – нейромедиаторға айналу процесіне қатысу есебінен көңіл-күйдің жақсаруына ықпал етеді. D дәрумені қабыну медиаторларын иммундық жасушалармен синтездеуді басу арқылы ауырсыну сезгіштігіне оң әсер ете алады.

ТЕРІ. D дәрумені терідегі алмасу процестерін жақсартуға, оның қорғаныс қасиеттерін арттыруға және тері жасушаларының қызметін қалпына келтіру бағдарламаларын іске қосуға ықпал етеді. D дәрумені терінің фотоқаттыраудан қорғау факторы болып табылады (бұл кезде терінің барьерлік қызметі мен қоллаған өнiмi төмендейді, тері серпімділігін жоғалтады, қабыну өзгерістерінің дамуына бейім құрғақ және бос болады).

АС ҚОРҒYTU ЖҮЙЕСІ. D дәрумені эпителий бетігетің тұтастығын және оның емделу қабілетін қорғауға және сақтауға ықпал ете отырып, АИЖ шырышты қабығының гомеостазына әсер етеді. Иммундық жасушалардың функциясына әсер етуінің арқасында D дәрумені ішектің аутоиммундық қабыну процестерін бәсеңдетуге ықпал етеді. D дәрумені асқазан-ішек жолының функциясына оң әсер етеді.

ЖАСУШАЛАРДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН РЕТТЕУ. D дәрумені жасушалардың энергетикалық әлеуетін реттей отырып, шаршаудың басалуы мен ағзаның тоңусының жоғарылауына ықпал етеді: жасушалардың митохондрияларындағы D дәруменінің әсері нәтижесінде ағзада өтетін барлық биохимиялық процестер үшін энергияның амбалау көзі болып табылатын АТФ (аденозинтрифосфатын) өндірілуі артады.

ЖАСУШАЛЫҚ ӨСУДІ РЕТТЕУ. D дәрумені жасушалардың өсуіне, дамуына және жанғауына реттеуші әсер етеді.

D ДӘРҮМЕНІ:

- Денедегі D дәруменінің тапшылығын топтыру және қалыпты деңгейін сақтау
- Сүйектер мен тістердің нығайтуына
- Бұлшық күшін ұстап тұруға
- Сау иммундық функцияны қамтамасыз етуге
- Иммундық жасушалардың жадыға қарсы сау жауабын қалыптастыруға
- Шаршауды басуға және тоңусты көтеруге
- Ағзаның энергетикалық әлеуетін реттеуге
- Жасушаның қалыпты өмір циклін қамтамасыз етуге
- Когнитивті функцияны қамтамасыз етуге: ақпаратты меңгеруге, зейін қоюға және жадыты дамытуға
- Ұрпақ жанғырту функциясын қамтамасыз етуге
- Теріде алмасу процестерін жақсартуға
- Көмірсү-май алмасуын қалпына келтіруге

Бір капсулада 50 мг (2000 X5) холекальциферол бар.

Биологиялық белсенді зат	Тәуліктің қабылдау (1 капсула) құрамында, мкг	Тәуліктің тұтынуының ұсынылған деңгейінен %*
D3 дәрумені	50 мкг (2000 X5)	100

* Ю ТР 022/2011 «Азық-түлік өнімдері оны таңбауға белгіленді».

Бір капсуланың тағамдық құндылығы: ақуыздар – 0,04 г, көмірсулар – 0,02 г, майлар – 0,08 г, энергетикалық құндылығы – 4,00 кДж/0,97 ккал.

ҚҰРАМЫ: сафлор майы, қабығы (желатин, глицерин (E422) қоюландырылған), холекальциферол майлы ерітіндісі (орташа тізбекті триглицеридтер, D3 дәрумені 1,0 М X5/г).

Құрамында ГМА, лактоза, глютен, титан диоксиді жоқ.

ДЕТРИМАКС® НЭЙЧРАЛ сүйектер мен тістерді нығайту, иммунитетті қолдау, шаршауды басу және тоңусты арттыру, бұлшықет күшін қамтамасыз ету, ақпаратты меңгеру, зейін қою және жадыты дамыту, ұрпақ жанғырту функциясын қолдау, тапшылығын толықтыру және D дәруменінің қалыпты деңгейін қолдау үшін тағамға биологиялық белсенді қоспа – D дәруменінің қосымша көзі ретінде ұсынылады.

ҚОЛДАНУ БОЙЫНША УСЫНЫСТАР: ересектерге тамақтану кезінде күніне 1 капсуладан. Қабылдау уақыты – 1 ай. Қажет болған жағдайда қайталап қабылдауға болады.

ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР: D3 дәруменінің тәуліктік дозасын анықтауды дәрігер зертханалық талдаулардың нәтижелеріне байланысты жеке жүргізеді, сондықтан доза нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін. Дәрігер ұсынған дозадан аспаған жөн. Майда еритін D дәрумені асқазан-ішек жолында жақсы сіңеді: ауыз қуысы арқылы қабылдағанда аш ішек ортасында мұцалалық қосылыстардың пайда болуы есебінен аш ішектің дисталды бөлімінде толығымен дерлік (80%-ға дейін) сіңеді. Тіндердегі максималды концентрацияға 4-5 сағаттан кейін көк жеткізіледі, содан кейін концентрация бірнеше төмендейді, ұзақ уақыт тұрақты деңгейде сақталады.

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ: массасы 150 мг жұмсақ желатинді капсулалар.

ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР: компоненттерінің және жақсылығы, жүктілік, бала емізу кезеңі. Қолданар алдында дәрігерден кеңес алу ұсынылады.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 3 жыл.

САҚТАУ ШАРТАРЫ: балалардың қолы жетпейтін жерде 15°C-тан 25°C-қа дейінгі температурада сақтау керек.

ББК-ның құрамына кіретін сафлор майы табиғи заттан алынған, сондықтан оның түсі ашық сарыдан сары түске дейін ауытқуы мүмкін.

ӨТКІЗУ ШАРТАРЫ: дәрханна желісі және мамандандырылған дүкендер, сауда желісі бөлімдері арқылы.

МАҢЫЗДЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ: «Қазақстан Республикасындағы D дәрумені жетіспеушілігінің эпидемиологиясы» зерттеуінің деректері бойынша, қандағы D дәруменінің төмендетілген концентрациясы орта есеппен Қазақстанның 44 ± 14 жастағы ересек тұрғындарының 91%-ында байқалды.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа.

Дерлік зат болып табылмайды.

Мемлекеттік тіркеу туралы күші:

AM.01.07.01.003.R.000655.11.21

Берілген күні: 09.11.2021 г.



Өндіріші: "Curtis Health Caps S.A.", Wysoctowo, ul. Batoworska 52, 62-081 Przemierowo, Poland, Польша "Unipharm Laboratories Limited", 38/39 Fitzwilliam Square West, Dublin 2, D02 NX53, Ireland. (Ирландия) үшін. **Қазақстан Республикасында импортер және тұтынушылардың шағымдарын қабылдауға уәкілетті ұйым:** «Юнифарм Қазақстан» ЖШС, Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әбіш Кенпібайлы к-сі, 34-ші үй, 6/02 көпіс, пошталық индексі 050060, тел.: +7 (727) 308 08 52, +7 (727) 308 08 53, info@unipharm.kz



LL-1475-KZ 230616V2.3